

Синтаксис және оның объектілері

Синтаксис – (грекше *syntaxis*) грамматиканың морфология сияқты өзекті саласының бірі. Грамматиканың тең праволы, әрі өзара тығыз байланысты бұл екі саласының қарастыратын объектілері тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері болады: морфология сөздердің грамматикалық жүйесін, құрылысын, сөз таптарының грамматикалық жүйесін, құрылысын зерттейді. Синтаксис грамматикалық ілім ретінде мынандай негізгі екі салаға бөлінеді: **1. Сөз тіркесінің синтаксисі, 2. Сөйлемнің синтаксисі.**

Сөз тіркесі –сөйлем құраудың материалды негізі де, сөйлем –кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және басқа синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде өзара байланысты категориялар ретінде қарастырады. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде тексереді.

Сөйтіп, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық құрылысын зерттейтін ілімді *синтаксис* десек, тілдің синтаксистік құрылысын да сол термин арқылы атаймыз.

Қ/с	Синтаксистің бөлімдері	Синтаксистің тұлғалары	Синтаксис тұлғаларының өзара байланысы
1	Сөз бен оның формасының синтаксисі	Сөз бен оның формасы	Барлық синтаксистік тұлғаларды жасауға қатысады.
2	Сөз тіркесі синтаксисі	Сөз тіркесі	Жай сөйлемді құрауға қатысады. жеке сөзден және оның формасынан тұрады.
3	Жай сөйлем синтаксисі	Жай сөйлем	Құрмалас сөйлем мен күрделі синтаксистік тұтастық құруға қатысады.
4	Құрмалас сөйлем синтаксисі	Құрмалас сөйлем	Күрделі синтаксистік тұтастық құруға қатысады. Жай сөйлемдерден тұрады.
5	Мәтін синтаксисі	Күрделі синтаксистік тұтастық	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнен тұрады.

Синтаксис

```
graph TD; A[Синтаксис] --> B[Сөз тіркесінің синтаксисі]; A --> C[Сөйлемнің синтаксисі]; B --> D[Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.]; C --> E[Сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.];
```

Сөз тіркесінің синтаксисі

Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Сөйлемнің синтаксисі

Сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Сөз тіркесінің типтері

Морфологиялық-
синтаксистік

Құрылымдық

Құрамының еркін не
тұрақтылығына қарай

Есімді

Етістікті

Дара

Күрделі

Еркін

Тұрақты

Қабыса
байланысқа
н
сөз тіркесі

Матаса
байланысқа
н
сөз тіркесі

Меңгеріле
байланысқа
н
сөз тіркесі

Қабыса
байланысқа
н
сөз тіркесі

Меңгеріле
байланысқа
н
сөз тіркесі

Сөйлем синтаксисі типтері

Жай сөйлем синтаксисі

Жақты

Жақсыз

Толымды

Толымсыз

Атаулы

Құрмалас сөйлем синтаксисі

Салалас
құрмалас

Сабақтас
құрмалас

Синтаксис мәселелерінің зерттелуі

- 1894-1897 орыс тілінде шыққан П.М.Мелиоранскийдің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” деген екі кітабы, “Этимология” деп атап, синтаксис, морфология мәселелерін енгізеді.
- 1920 жылы Ахмет Байтұрсыновтың “Тіл –құралдары ” атты үш кітаптың үшіншісінде синтаксиске қатысты алғашқы мағлұмат баяндалады.
- 1939 жылы Қ.Жұбановтың, 1939 жылы С.Аманжолов, С.Сауранбаевтың бірігіп жазған кітаптары шықты.
- Қазақ тілі синтаксисіне елеулі еңбек сіңірген ғалым С.Жиенбаев болатын. Оның жай және құрмалас сөйлем мәселелеріне арналған құнды зерттеулерінің қатарында сөз тіркесі бөлек талданбайды.
- 1954 жылы “Қазаіргі қазақ тілі” деген атпен көлемді кітап шықты. Бұл кітап –қазақ тіл білімінің фонетика, лексика, грамматика мәселелеріне жан-жақты мағлұмат беретін елеулі табысы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Балақаев, Т. Сайрамбаев. Қазіргі қазақ тілі.
2. Т. Сайранбаев. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі.
3. Р. Әміров. Жай сөйлемнің синтаксисі.
4. Аманжолов, Әбілқаев, Тойлыбаев. Қазақ тілі грамматикасы.